



## МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының 2024 жылғы 17 желтоқсан күнгі №5998 санды шығыс хатына сәйкес «Адал азамат-адал еңбек- адал табыс» атты облыстық бейнероликтер байқауының аудандық кезеңі 2024 жылдың 20 желтоқсан күні өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған орай, қосымша бекітілген ережені жолдай отырып, ағымдағы жылдың **19 желтоқсан күні сағат 18:00-ге** дейін «Адал азамат-адал еңбек-адал табыс» бейнеролик байқауының материалдарын #Жамбыл облысы әкімдігі #білім басқармасы #адалқоғам #адалазамат хештегімен «YouTube» әлеуметтік желісінде жариялап, сұранысты сілтемелерімен қоса [abb\\_gauharjan@mail.ru](mailto:abb_gauharjan@mail.ru) электрондық поштасына жолдауды тапсырады.

Қосымша: 2 парақта

Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшысы



М.Сванов

Орындаған: Г.Ногайбаева  
Тел: 2-14-10

«БЕКІТЕМІН»  
Т.Рысқұлов ауданының  
білім бөлімінің басшысы  
М.Сванов  
18 желтоқсан 2024 жыл

**Аудандық «Адал азамат-адал еңбек- адал табыс»  
атты бейнероликтер байқауын өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже облыстық «Адал азамат-адал еңбек- адал табыс» атты бейнероликтер байқауын (8-10 сыныптар арасында) өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейді.

1.2. Аудандық «Адал азамат-адал еңбек- адал табыс» атты бейнероликтер байқауын Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі ұйымдастырады.

**2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

2.1. Байқаудың мақсаты - «Адал азамат-адал еңбек- адал табыс» тақырыбы аясында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасындағы құндылықтардың жүзеге асырылуын, сыныптағы оқушылармен өткізілген жұмыстардың нәтижелілігін көрсету. Сынып ішіндегі ынтымақтастықты нығайту арқылы оқушыларды ұйымшылдыққа, шыншылдыққа, адамгершілікке бауырмалдыққа, отаншылдыққа, үлкенді құрметтеуге, кішіге қамқорлық танытуға тәрбиелеудің тиімді жолдарын көрсету.

**2.2. Міндеттері:**

- оқушылардың әділетті қоғам, адал азамат, парасатты қоғам туралы білімдерін кеңейту;
- өзара сыйластық пен ынтымақтастықты көрсете отырып, өз көзқарастарын білдіре алуға ықпал жасау;
- оқушыларға ортақ мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ете отырып, командада тиімді жұмыс істей білуге баулу.

**3. Байқаудың өткізілу барысы мен тәртібі**

**3.1. Бейнероликке қойылатын талаптар мен бағалау өлшемшарттары:**

- бейнероликте қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын, адалдық пен кішіпейілдік, шыншылдық, ізеттілік, білімділік пен ілтипаттылық, қамқорлық, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді көрсететін бейнеролик дайындалуы қажет;
- бейнероликтің мәлімделген тақырыпқа, жас ерекшелігіне сәйкестігі;
- бейнероликтің басты бетінде: білім беру ұйымының атауы, байқаудың атауы, қатысушылар туралы мәліметтер (оқушының тегі, аты, сыныбы) және жауапты педагог туралы (тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) көрсетілуі қажет.
- бейнероликтің техникалық сипаттамалары: бейнероликтің ұзақтығы 2-3 минуттан аспау керек.

3.2. «Адал азамат-адал еңбек- адал табыс» бейнеролик байқауының материалдарын #Жамбыл облысы әкімдігі #білім басқармасы #адалқоғам #адалазамат хештегімен «YouTube» әлеуметтік желісінде жариялап, сұранысты сілтемелерімен қоса [abb\\_gauharjan@mail.ru](mailto:abb_gauharjan@mail.ru) электрондық поштасына **2024 жылдың 19 желтоқсан күні сағат 18:00-ге дейін** жолдау қажет. **Әр мектептен аудандық байқауға оқушылардың қатысу санына шектеу қойылмайды.**

#### 4. Байқауды қорытындылау

4.1 Аудандық «Адал азамат-адал еңбек- адал табыс» бейнеролик байқауының қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Қосымша 1

№	Мектептің атауы	Оқушының аты-жөні, сыныбы	Жетекшінің аты-жөні, ұялы телефоны	#Жамбыл облысы әкімдігі #білім басқармасы #адалқоғам #адалазамат хештегімен «YouTube» әлеуметтік желісінде жарияланған сілтемесі